

Ортаңғы топ.	ЦИКЛОГРАММА				
Апта нөмірі	№10				
Күндері	01.11 - 05.11.2021				
Өтпелі тақырыптың атауы	Көлік/ Транспорт/ Transports				
Мекеменің атауы, тобы	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
Педагогтің аты-жөні	Дүйсенбаева Н.Ж				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру; балаларға жағымды орта туғызу; ата-аналармен "Баланың өзін-өзі бағалауы" тақырыбында әңгімелесу.				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Топ бөлмесінде реттілікті сақтау: ойыншықтарды, құрылыс материалдарын өздігінен орнына жинау, оларды сындырмау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамқорлық танытуға тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафтарда тәртіпті сақтау, шаңды сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	"Жол белгілерін қою" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра білу. Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.	"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны. Мақсаты: тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус -жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды.	Саусақ жаттығуы" "Пойыз келе жатыр". Пойыз келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, Тоқ-тақ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату). Жылдам келе жатыр: Тоқ-тақ-тоқ, тоқ-тоқ (саусақтарды үстел бетінде ырғақтарға сай кезегімен, күйсандықтың пернесін басқандай тықылдату). Барлық бала күтіп қалды: Алақан, алақан (алақандарды жайып, өзара уқалау) Қуанышпен қарсы алады. -Алақай! Алақай! (алақандармен шапалақтау)	"Геометриялық пішіндерден автобусты құрастырамыз" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог геометриялық пішіндерді қолдана отырып, балаларға көлік түрлерін құрастыруды ұсынады.	"Сипаттама бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсаты: қиялын, сөйлеу қабілетін дамыту. Барысы: педагог бір баланы шақырады, оған сурет береді және онда қандай көлік бейнеленгенін сипаттауды ұсынады, бірақ атауын атамайды. Қалған балалар сипаттамадан анықтайды. Сипаты бойынша таныған бірінші бала келесі суретті алып, басқа балаларға жасырады. Ойын жалғасады.
Таңғы жаттығу (5мин)	Көшенді жаттығулар Күні бойы, күні бойы, Күні бойы, күні бойы, Біздің қыздар секірді, Оң аяқпен секірді, Сол аяқпен секірді, Алға қарай секірді, Артқа қарай секірді, Айналдыра секірді, Айналдыра секіргішті Биікке де секірді. Екі саусақпен кезекпен алға-артқа, солға-оңға "секіріп" үстел үстінде орындалатын жаттығу.				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Дастарханға ыдыстарды ретімен қою үшін кезекші тағайындау; балаларға тамақ ішетін дастарханды жабдықтауға көмектесу; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары.				
Ойындар, оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	"Гараж" құрастыру. Мақсаты. Педагог балаларға математикалық есептеу таяқшаларын таратады. Балалар өздерінің қиялдары және ойлау қабілеттеріне байланысты "гараж" құрастырады.	"Жүк көлігін құрастырамыз" құрастыру. Мақсаты. Педагог бала санына байланысты әртүрлі геометриялық пішіндерді таратады. Балалар геометриялық пішіндерден жүк көлігін құрастырады.	"Трактордың бөлшектерін тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог балаларға трактор суретінің бірнеше бөлшектерін береді, сол бөлшектерді мұқият қарап отырып, тракторды құрастырады.	"Торғайлар мен көлік" қимылды ойыны. Мақсаты: көлік мен торғайлардың қимыл-қозғалыстарын екі түрлі белгілердің біріне сай келтіріп, кеңістікте еркін қозғалуға үйрету. Барысы: торғайлардың маскаларын киген немесе қалташаларын таққан балалар, белгі бойынша қолдарын жан-жаққа жайып "ұшып", "жерге қонып" жүреді. "Көлік" болып, педагог немесе белсенді бала, қолныя руль ұстап, белгі бойынша "торғайларға" қарай жүреді, "торғайлар" орындарынан қозғалып, белгілі бағытқа "ұшып" кетеді. Балаларға торғайлар маскалары немесе қалташалары үлестіріледі.	"Көлік" ойыны. Педагог: - Балалар, бәріміз бірге "Көлік" ойынын ойнайықшы? Мақсаты. Балаларды шеңбер бойымен орындықтарға отырғызып, машинаның қалай оталдырылатынын, қалай жүретінін, қалай дыбыс шығаратынын балаларға көрсетеді.

Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сөйлеуді дамыту "Саяхатшылар ойыны. Дауыссыз [т],[д] дыбыстары." Мақсаты. Балаларды сөздердің буындары құрамында [т], [д] дыбыстарын айту тәртібімен таныстыру; көліктерді атай отырып, негізгі қимылдау қасиеттерін баяндауыш сөзімен сипаттауда машықтау. <i>Пантомима ойыны. "Көліктер".</i> Сурет салу "Бағдаршам". Мақсаты. Балаларды фломастерлермен тіктөртбұрыш пішініне белгілі тәртіпте, бағдаршам түстерін қалайтын үш түсті дөңгелектерді салуға үйрету. <i>Саусақ жаттығуы. "Бағдаршамдар ұйықтамайды".</i> Дене шынықтыру "Зырылдайды машина". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен бір орында жеңіл секіру дағдысына үйрету. <i>"Мысық пен торғайлар" қимылды ойыны.</i>	Музыка "Көңілді машина". Мақсаты. Балалардың енді орындау кезінде дұрыс дем алу және дем шығару дағдысын дамыту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға үйрету; музыкалық аспапта (бубен) ойнау қабілетін дамыту. <i>"Доп неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны.</i> Математика негіздері "Көліктердің дөңгелектерін жөңдейік". Мақсаты. Балаларды дөңгелек және шаршы геометриялық пішіндерін тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пен шаршыны зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау және елестету қабілеттерін, ой-өрісін дамыту. <i>Үстел басындағы зерттеу жаттығуы. "Көлікке дөңгелегін салып бер" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Вариативті компонент/Дидактикалық ойындар	Көркем әдебиет "Трактор". Мақсаты. Балаларды трактор өлеңімен таныстыра отырып, өлеңде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; трактордың дыбысын, негізгі қимылдау қасиеттерін сипаттай білуге үйрету. <i>Дидактикалық ойын: "Трактордың бөлшектерін тап".</i> Дене шынықтыру "Рулімізді бұрайық". Мақсаты. Балаларда сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын қалыптастыру; таяқ астынан тізе мен саусақты жерге тіреп төрт тағандап еңбектеу дағдыларын дамыту. <i>"Бағдаршам" қимылды ойыны.</i>	Жаратылыстану "Қарбыз тиелген жүк машина" Мақсаты. Балаларға жүк көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы көлік екені жөнінде білімдерін кеңейту; көліктерді ажыратып, атау дағдыларын жетілдіру; көлікке күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жүк машинасының негізгі бөліктерін атауда жаттықтыру; жалпы көліктер туралы ұғым беру. <i>"Саяхатқа шығайық" ойын рефлексиясы.</i> Орыс тілі "Поехали, поехали ...". Транспорт. Цвета. Цель. Учить слушать и называть на русском языке виды транспорта, основные цвета, составлять фразы, передающие способы передвижения с помощью глагола, предлога и имени существительного, составлять фразы из имени существительного и имени прилагательного, учить произносить слоги, передающие способы передвижения транспорта. <i>Развивающая игра "Что лишнее?".</i>	Мүсіндеу "Пойызбен саяхат". Мақсаты. Балаларда көліктер мен пойыз туралы білімдер қалыптастыру, пойыздың бірнеше вагоннан тұратыны, вагонда бірнеше терезе болытыны туралы түсініктерді тиянақтау. <i>Саусақ жаттығуы. "Пойыз келе жатыр".</i> Дене шынықтыру "Зу-зу етіп көшеде". Мақсаты. Балаларда гимнастикалық таяқтың астынан төрт тағандап еңбектеп өту және алға жылжи отырып екі аяқпен бір орында жеңіл секіру техникасын бекіту; бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру дағдыларын жетілдіру. <i>"Көлік пен торғайлар" қимылды ойыны.</i>
--	--	---	--	---	--

Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. Аула сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру; сөздік қорын байыту арқылы сөйлеуді дамытуға үлес қосу; сыпырушының жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу; табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қоршаған ортаға ұқыпты және қамқор қатынасқа тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқысты белгілі жерге жинау). Мақсаты: қоқысты белгілі бір жерге жинау қабілетін дамыту; ересектерге көмектесуге деген ұмтылысты тәрбиелеу; сыпырушының құралдарын жеке қарастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар мен жаңбыр". Мақсаты: балаларды бірге ойнауға қолдау көрсету; ойын серіктестерімен өзара әрекеттесу қабілетін дамыту; аула сыпырушының жұмысымен танысу кезінде алған білімдерін ойын әрекетінде көрсетуге деген ұмтылысты ынталандыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: кеңістіктегі және уақыттағы бағдарды, тепе-теңдік сезімін, ырғақты жақсарту.	Иттерді бақылау. Мақсаты: ит тұқымдары туралы түсініктерін кеңейту; жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жолдарды жапырақтардан тазарту) Мақсаты: еңбекке деген сүйіспеншілікті қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Үйінді тап". Мақсаты: ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету, ойын ережелерін дәл орындау қабілеттерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, заттарды қашықтыққа лақтыру дағдыларын бекіту.	Күзгі жаңбырды бақылау. Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту, табиғатты қабылдауда эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (жерге түскен жапырақтарды жинау). Мақсаты: еңбексүйгіштікке, еңбек етуге деген құштарлыққа тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жоғары секір". Мақсаты: белгі бойынша тез әрекет ету, жолдастық сезімді тәрбиелеу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Батыл балалар". Мақсаты: жылдам жүгіру жаттығулары, ептілікті дамыту.	Сауысқанды бақылау. Мақсаты: сауысқан туралы білімдерін толықтыру, қыстайтын құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (күзгі жапырақтарды жинау). Мақсаты: жұмыс тапсырмаларын ықыласпен орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен ит", "Допты ұста". Мақсаты: құстардың қимылдары мен дыбыстарына еліктеуге үйрету; допты екі қолмен ұстау іскерліктерін жетілдіру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: тепе-теңдікті сақтауға, бір аяқта, қолды белге қойып тұруға үйрету.	Пошташының жұмысын бақылау. Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту; пошташының жұмысы туралы білімдерін кеңейту; ересектердің жұмысына деген қызығушылық пен құрметке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (қоқыстарды нақты жерге жинау). Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуге, істі жалпы күш-жігермен орындауға қол жеткізуге үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапырақ түсу", "Мен атаған затқа жүгір". Мақсаты: бір-біріне соқтығыспай жүгіруді үйрену; педагогтің белгісі бойынша тез жүгіруге үйрету; ағаштардың атауын бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: серуендеуден эмоционалды көңіл-күй қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу.				
Үйге орлау					

Тексерген: Бекишева М.А